

сотталғандарды ұстауға арналған жалпы, қатаң, ерекше режимдердегі түзеу

колонияларында - 150-250 орынға (бұдан әрі - орын) - бір қызметкер;
тәрбие колонияларында 100-150 орынға - бір қызметкер;
қоныс-колонияларында, тергеу изоляторларында, түрмелерде және түзеу колонияларында 50-80 орынға - бір қызметкер.

3. Режимдік қызмет:

жалпы, қатаң, ерекше режимдердегі түзеу колонияларында 190-250 орынға - бір қызметкер;

тәрбие колонияларында 75-90 орынға - бір қызметкер;
қоныс-колонияларында 100-150 орынға - бір қызметкер;
тергеу изоляторларында, түрмелерде және камералық ұстау үлгісіндегі түзеу колонияларында 60-80 орынға - бір қызметкер.

4. Бақылаушылық қызмет:

1) күзет жөніндегі бақылаушылар:

жалпы, қатаң, ерекше режимдердегі түзеу колонияларында, тәрбие колонияларында бір қызметкерге жүктеме постылар табеліне және пост ведомосына сәйкес белгіленеді;

2) қадағалау жөніндегі бақылаушылар:

режимге және толтыру лимитіне қарамастан бір қызметкерге жүктеме түзеу мекемелерінде сотталғандарды қадағалаудың тәуліктік ведомосында көрсетілген постылардың санына байланысты болады;

3) тергеу изоляторларында және түрмелерде:

корпус бойынша бір басшыға және бір бақылаушыға жүктеме постылар табеліне сәйкес белгіленеді.

5. Тәрбие қызметі:

1) түзеу және тәрбие колонияларында 70-100 орынға - бір жасақ бастығы;

2) түрмелерде 20-50 орынға - бір жасақ бастығы;

3) тәрбие колонияларында 25 орынға (20 орын әйел жынысты сотталғандарды ұстау үшін) - бір тәрбиеші;

4) режимге және толтыру лимитіне қарамастан барлық мекемелерде: босатылатындарды тұрмыстық және еңбекке орналастыру бойынша бір қызметкер;

бір қызметкер - психолог (қоныс-колонияларын қоспағанда);

5) тәрбие колонияларында - дене тәрбиесі бойынша бір қызметкер;

6) тергеу изоляторларында:

мекемеге - бір жасақ бастығы;

800 орынға - бір аға инспектор.

6. Арнайы есепке алу қызметі:

жалпы және қатаң режимдердегі түзеу колонияларында, қоныс-колонияларында 250 орынға - бір қызметкер;

ерекше режимдегі түзеу колонияларында және тәрбие колонияларында 400 орынға - бір қызметкер;
тәрбие колонияларында 200 орынға - бір қызметкер;
тергеу изоляторларында және түрмелерде 120 орынға - бір қызметкер.

7. Кадр қызметі:

- 1) барлық түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторларында персоналдық 100-150 бірлігіне - бір қызметкер;
- 2) мекемеге - әскери және қызметтік дайындық бойынша бір қызметкер.

8. Бухгалтерлік есеп және есептілік қызметі:

барлық түзеу мекемелерінде, режимге және толтыру лимитіне қарамастан - бухгалтерлік есеп және есептіліктің бір қызметкері және сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру мен нормалау бойынша бір қызметкер;
тергеу изоляторларында - бухгалтерлік есеп және есептіліктің бір қызметкері.

9. Сотталғандарды құқықтық қорғау қызметі:

режимге және толтыру лимитіне қарамастан барлық түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторларында - сотталғандарды құқықтық қорғау жөніндегі бір қызметкер.

10. Сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру қызметі:

жалпы, қатаң, ерекше режимдердегі түзеу колонияларында және түрмелерде 260 орынға - бір қызметкер;
қоныс-колонияларында 100 орынға - бір қызметкер.

11. Медициналық қызмет:

әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық және фармацевтика персоналына арналған жүктеме нормативтерін Әділет министрлігі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бірігіп белгілейді.

12. Қылмыстық-атқару инспекциялары:

қалалық қылмыстық-атқару инспекциясының бір қызметкеріне - есепті тұратын адамдарға арналған 60 іс;
аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының бір қызметкеріне - есепте тұратын адамдарға арналған 35 іс.